

## 6B03102 ПСИХОЛОГИЯ

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Ұлттық және халықаралық еңбек нарығына қажетті, қазіргі заманғы психологиялық зерттеу әдістерін меңгерген білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік және құқықтық салалардағы кәсіби психологтарды даярлау.

### **УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ**

#### **Бағдары:**

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

#### **Миссиясы:**

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

#### **Бағдарламалық мақсаты:**

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

#### **Құндылықтары:**

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

#### **Университет түлегінің атрибуттары:**

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгертін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білетін тұлға

### **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ**

*Білім беру бағдарламасының өзектілігі.* Қазақстанның қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайында «психолог» мамандығының жоғары сұранысқа ие болуы және қажеттілігі әлеуметтік тәжірибенің алуан түрлерінде адам ресурстарын дамытумен және оларды барынша пайдаланумен байланысты әлеуметтік тапсырыстың жауабы болып табылады. Қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық даму проблемалары көптеген кәсіби салаларда психологтардың еңбегін неғұрлым тиімді және кеңінен тарту проблемасын өзектілей түсті. Саясат, білім беру, медицина және әлеуметтік салалардағы көптеген күрделі проблемаларды терең теориялық даярлығы бар, ауқымды гуманитарлық эрудицияға ие және практикалық біліктерді және дағдыларды еркін меңгерген психолог-мамандардың қатысуынсыз шешуге болмайды.

Қазіргі қоғам әлеуметтік басқарудағы, кадрлармен жұмыс барысында, жоғары жетістіктерді қамтитын спорт саласында, ерекше және экстремалды жағдайларда іс-әрекетті тиімді өзіндік жүзеге асыруды және кәсіби даярлауды қамтамасыз етуде, білім беру мен тәрбие жүйесінде, әлеуметтік жұмыста, табиғи апаттарда халыққа көмек беруде және адам мен қоғамның басқа да көптеген мәселелерді шешуде психологтың миссиясының құзыреттілігін және нәтижелілігін арттыруды талап етеді.

Осылайша, практикалық міндеттерді шешуде көмек көрсету мүмкіндіктері бар болашақ психологтарды кәсіби даярлаудағы өзгерістердің барынша құндылығы арта түседі. Қазіргі қоғамда өмір сүретін адамға әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және басқа да процестердің жағымсыз салдарын жеңілдететін компенсаторлық механизмдердің бірі ретінде, адам өмірінің түрлі салаларында өзінің кәсіби іс-әрекетін жүзеге асыратын психолог-маманды даярлау алынады.

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	Миссисипи алқабы Мемлекеттік Университеті (АҚШ)
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	1. Клиникалық психология негіздері 2. Білім берудегі практикалық психология

### Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

1. Лондон жаһандық университеті. Психология мамандығы - 43%;
2. М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті. Психология мамандығы - 34%;
3. Варшава университеті Uniwersytet Warszawski. Психология мамандығы - 28%.

## БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТИҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

6B03102 - Психология білім беру бағдарламасы бойынша білім алған бітіріуші денсаулық сақтау ұйымдарына; жеке меншік түріне және ведомстволық бағынуына қарамастан, барлық үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдарына; қалалық және республикалық әлеуметтік қызметтер, жұмыспен қамту орталықтарына; педагогикалық қараусыз қалған балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу орталықтарына; спорттық және шығармашылық ұйымдарына; қоғамдық пікірді және саяси технологияларды зерттеу орталықтарына; өндірістік кәсіпорындар мен бизнес ұйымдарына; құқық қорғау органдары және пенитенциарлық мекемелеріне; техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарына психолог лауазымына орналаса алады.

## КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

6B03102 – Психология білім беру бағдарламасы бойынша әлеуметтік ғылымдар бакалавры кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

### 1 кәсіби құзыреттілік саласы

білім беру қызметі саласында: - оқыту мен тәрбиелеу процесін психологиялық сүйемелдеу; жалпы білім беру, техникалық және кәсіптік оқу орындарында сабақтар жүргізу мен кеңес беру, нақты жағдайларда психологиялық білімдер мен қолданбалы ептіліктерді жүзеге асыру;

### 2 кәсіби құзыреттілік саласы

оқу-технологиялық қызмет саласында: - білім алушылардың дамуында психотехнологияларды таңдап алу мен пайдалану; - ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды пайдалана отырып, психологиялық ақпараттарды іздеу мен өңдеу процесін ұйымдастыруға қатысу.

### 3 кәсіби құзыреттілік саласы

әлеуметтік-психологиялық қызмет саласында: - білім алушылардың тәрбиесі мен дамуына қолайлы жағдай жасап, психологиялық қолдау көрсету; - өндірістік ұйымдарда, алдын-алу мен емдеу ұйымдарында, пенитенциарлық (қылмыстық-атқару) мекемелерде кәсіби қызметті психологиялық қамтамасыз ету; - психологиялық түзету мен психологиялық алдын-алу мәселелері бойынша психологиялық кеңес беру.

### 4 кәсіби құзыреттілік саласы

эксперименттік-зерттеу іс-әрекеті саласында: - психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерттеп білу; - психологиялық-педагогикалық тәжірибелерді зерттеп білу мен жалпылау; адам факторларын зерттеп білу бойынша ғылыми-зерттеу бағдарламаларындағы психологиялық жұмыстар.

### **5 кәсіби құзыреттілік саласы**

ұйымдастыру-басқару іс-әрекеті саласында: - кәсіби іс-әрекеттерді жоспарлау мен ұйымдастыру; - оқу-білім беру процесін өткізу мен ұйымдастыру тәсілдерін анықтау.

## **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ**

**ОН1** - Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

**ОН2** - Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

**ОН3** - Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

**ОН4** - Кәсіби қызметінде психикалық үрдістердің, тұлға қасиеттерінің феномендері мен заңдылықтарын жас ерекшелік аспектілерін ескере отырып қолданады.

**ОН5** - Білім берудің интегративті модельдерін жүзеге асыру мақсатында арнайы (түзету) және жалпы білім беретін мекемелер жағдайында түзету-педагогикалық қызметті жүзеге асырады.

**ОН6** - Диагностикалық, консультациялық, психотерапиялық, түзету-дамыту және ағартушылық қызметтің әдістері мен тәсілдерін салыстырады.

**ОН7** - Дағдарыс/төтенше жағдайларда зардап шеккендерге, мінез-құлқы ауытқыған адамдарға олардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып психологиялық көмек бағдарламаларын жобалайды.

**ОН8** - Тұлғаның психикалық және психологиялық денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін психопрофилактикалық жұмыс жоспарын әзірлейді.

**ОН9** - Кәсіби қызметте заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, алдын алу, емдеу, оңалту және дамыту мақсатында клиникалық-психологиялық диагностикалауды, психотерапияны және араласуды жүзеге асырады.

**ОН10** - Әлеуметтік жағдайды ескере отырып алуан түрлі іс-әрекет түрлерінде психологиялық сүйемелдеуді модельдей алады.

**ОН11** - Психолог мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсінеді, кәсіби этика қағидаларын сақтай отырып, кәсіби міндеттерді жауапкершілікпен және сапалы орындайды

### **БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы**

	<b>ОН1</b>	<b>ОН2</b>	<b>ОН3</b>	<b>ОН4</b>	<b>ОН5</b>	<b>ОН6</b>	<b>ОН7</b>	<b>ОН8</b>	<b>ОН9</b>	<b>ОН10</b>	<b>ОН11</b>
<b>ТА1</b>		+			+	+	+	+	+	+	+
<b>ТА2</b>	+										
<b>ТА3</b>	+			+	+	+	+	+	+	+	+
<b>ТА4</b>			+				+	+	+		+
<b>ТА5</b>			+								
<b>ТА6</b>			+			+					

## **НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

**Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:**

1. "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқармасы төрағасының 2018 жылғы 22 қазандағы №285 бұйрығымен бекітілген "Денсаулық сақтау саласындағы "маман-психолог" кәсіби стандарты

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.